


**«Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті» КЕАҚ-ның
ӘЛЕУМЕТТІК САЯСАТЫ**

Қызметтік қолданысқа арналған басылым

Ақтөбе, 2020 ж

1. ӘЗІРЛЕДІ ЖӘНЕ ЕНГІЗДІ:

Әлеуметтік және тәрбие жұмысы жөніндегі Проректор

Н.М.Бердыбаев 

Әлеуметтік мәселелер және жастар саясаты департаментінің директоры

Қ.Т.Сатыбалдина 

БЕКІТТІ ЖӘНЕ ҚОЛДАНЫСҚА ЕНГІЗДІ: «Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті» КеАҚ-ның Ғылыми кеңесінің шешімі негізінде (№1 хаттама, 28 тамыз 2020 жыл) ректормен бекітілген.

2. ҚОЛДАНЫЛУ МЕРЗІМІ: Жаңасын ауыстырғанға дейін

3. АЛҒАШ РЕТ ЕНГІЗІЛДІ 2.0 нұсқа

Осы әлеуметтік саясат «Қ.Жұбанов атындағы АӨУ» КеАҚ ректорының ресми рұқсатынсыз толық немесе ішінара қайта шығарылмайды, көбейтілмейді және ресми басылым ретінде таратылмайды.

Осы әлеуметтік саясат «Қ.Жұбанов атындағы АӨУ» КеАҚ ректорының ресми рұқсатымен үшінші тұлғаларға беріледі.

Университеттің әлеуметтік саясаты стратегиялық даму жоспарының негізгі міндеттерінің бірі болып табылады.

Университеттің әлеуметтік саясаты келесі бағыттарды қамтиды:

- кәсіподақ ұйымы;
- денсаулық пен спорт құндылықтарын насихаттау;
- студенттік өзін-өзі басқару;
- студенттік үйлер;
- білім беру қызметтерін төлеу бойынша жеңілдіктер беру.

Кәсіподақ ұйымы

Университеттің бастауыш кәсіподақ ұйымы кәсіподақ мүшелерінің мүддесі мен құқығын қорғау мақсатында құрылған еркін қоғамдық ұйым болып саналады.

Кәсіподақ ұйымы өз қызметін Қазақстан Республикасы Конституциясы, ҚР заңдары, нормативтік-құқықтық актілері, халықаралық құқық нысандары мен «ҚР білім және ғылым қызметкерлерінің кәсіподақ бірлестігі» қоғамдық ұйымның Жарғысы негізінде жүзеге асырады.

Кәсіподақтың басты қызметі – профессор-оқытушылар құрамы мен қызметкерлердің әлеуметтік-еңбек құқықтарын және кәсіби құзырын қорғау болып табылады.

Кәсіподаққа біріге отырып, азаматтардың кәсіби мүдделерін қорғауға және Қазақстан Республикасы заңнамаларының негізінде төмендегідей әлеуметтік серіктестік мүдделерін шешуге болады:

- Кәсіподақ мүшелерінің еңбек ақыларының уақытылы және әділ төленуі;
- Жұмыс орнында еңбекті қорғау және қауіпсіздік техникасының сақталуы;
- Кәсіподақ мүшелерінің әлеуметтік, еңбек, экономикалық құқықтары мен мүдделерін ақысыз заңгерлік қорғау;
- Марапаттарға ұсыну.

Денсаулық және спорт құндылықтарын насихаттау

Университетінің емханасы университет студенттерінің денсаулығын қорғауда, алдын алу мен ауруларын емдеудің кешенді шараларын жүзеге асырады.

Тегін медициналық көмектің кепілді көлемі (ТМККК) аясында; БМСК; жедел медициналық көмек; шұғыл стационарлық көмек; скринингтер; паллиативті көмек, амбулаторлық көмек, туберкулез кезінде кеңестік-диагностикалық көмек жұмыстарын жүргізеді.

Бұл қызметтердің барлығы емханаға бекітілген университет студенттеріне тегін негізде көрсетіледі. Емхана барлық қажетті медициналық құралдармен жабдықталған. Қабылдауды жоғары, бірінші және екінші біліктілік санаттағы тәжірибелі мамандар жүргізеді

Студенттік өзін-өзі басқару

Жеке тұлғаны әлеуметтендіру мақсатында университетте Студенттік өзін-өзі басқару жүйесі енгізілген. Университетте Студенттік өзін-өзі басқаруды ұйымдастыру бұрыннан қалыптасқан дәстүрге ие. Бүгінгі таңда студенттерге өздерін жүзеге асыруға, өз әлеуетін ашуға, университеттегі жағдайға әсер ету мүмкіндіктері мен қабілеттерін ашуға мүмкіндік берілді.

Университеттегі Студенттік өзін-өзі басқару жүйесі бүкіл университеттік басқару жүйесінің ажырамас бөлігі болып табылады және студенттік өмірді ұйымдастырудың маңызды функцияларын жүзеге асырады. Университет басшылығы студенттік өзін-өзі басқару қызметіне барынша қолдау көрсетеді. Студенттік өзін-өзі басқару органдары жастар ісі жөніндегі Комитеттен және 14 студенттік ұйымнан тұратын Студенттік парламенттен құралған.

Ақылы білім беру қызметтеріне төлем бойынша жеңілдіктер беру, атаулы стипендиялар, гранттар тағайындау

Жыл сайын университет басшылығы студенттерге ақылы білім беру қызметтеріне төлем бойынша жеңілдіктер мен Қ.Жұбанов атаулы стипендиялар мен гранттарды ұсынады.

Жеңілдік ережесі дарынды жастарды көтермелеу және әлеуметтік осал отбасылар қатарындағы күндізгі оқу нысанындағы студенттерді қолдау мақсатында әзірленген. Бұл ереже мемлекеттік білім беру гранттары бойынша немесе мамандар даярлауға тапсырыс берушілермен жасалған шарттар бойынша білім алушыларға қолданылмайды.

Студенттер үйі

Университетте студенттердің ыңғайлылығы мен жайлылығы үшін барлық қажеттіліктермен жабдықталған төрт студенттер үйі бар.

- №1 Студенттер үйі
- №2 Студенттер үйі
- №3 Студенттер үйі
- «Жастар үйі»

Студенттер үйі құрылымдық бөлімше ретінде университет құрамында болады және өз қаражаты есебінен қаржыландырылады. Студенттер үйлері

Қазақстан Республикасының басқа қалаларынан, аудандарынан және облыстарынан келген студенттердің (отбасылық студенттердің), магистранттардың, сондай-ақ тұрғын үйге мұқтаж оқытушылардың оқу кезеңінде тұруына арналған.

Студенттер үйі үй-жайлары жиһазымен, төсек-орын жабдықтарымен және басқа да керек-жарақтармен жабдықталған.

Университеттің әлеуметтік саясатын іске асырудағы ішкі нормативтік құжаттары:

1. Университеттің тәрбие жұмысының тұжырымдамасы;
2. Студенттік Тәртіптік Кеңес туралы ереже;
3. Студенттік Парламент туралы ереже;
4. Белсенді студенттің санатын анықтау ережелері;
5. Студенттер үйі туралы ереже;
6. Студенттік үй студенттік кеңесінің ережесі;
7. Бакалавр бойынша білім беру қызметтерін төлеуге жеңілдіктер беру туралы ереже;
8. Емхана туралы ереже;

КЕЛІСІЛДІ:

Басқарма мүшесі, академиялық мәселелер жөніндегі проректор



Абенова Б.С.

Басқарма мүшесі, стратегиялық даму және цифрландыру жөніндегі проректор



Бекбаева А.У.

Басқарма мүшесі, ғылым және инновация бойынша проректор



Бекназаров Р.А.

Бас ғылыми хатшы



Балтымова М.Р.

Персоналды басқару және құжат айналымы басқармасы қызметінің бастығы



Есеналина Л.С.

Заңгер



Алиманова Л.Б.